

Маңсұтхан АҚЫШОВ



КЕРНЕЙДІН ӘУЛДЕ БҰЛАҒЫ

Алматы 2011-ші жыл.

24-ші шілдө

Мақсұтхан АҚЫШОВ

*Көрнекілің әулие
бұлакты*



Алматы 2011 жыл
24-ші шілде

Мақсұтхан АҚЫШОВ

КЕРНЕЙДІҢ ӘУЛИЕ БҰЛАҒЫ

*“Нұрлы Әлем шыңы” баспасы
Президенті – Жарылқасын ДӘУЛЕТ*

Редакторы – Садық СМАҒҰЛОВ
Корректоры – Қаламқас Сатқанова
Компьютерде беттеген – Мадина Аргынова
Дизайнер – Берік Үйсінбаев
Тех. редактор – Раушан Өскенқызы

*Мұқабаның сыртқы бетіндегі суретті салған:
Оралбек Тлебалдиев*

КӨСЕМ КЕЛБЕТТІ БАҢАДҮР - КӨКБӨРІ КЕРНЕЙ БАТЫР

Көкбөрі Керней баба өмірі 1990 жылдан бері толғандырып келеді. Ауыл атына «Керней» есімін бергізу үшін қаншама басшылардың есігін аشتым. Жүйкемді тоздырдым. Соның бәрі бір күнгідей болмай сзызылып, өшіріліп тасталды. Не үшін? Батырдың бағасын бағалай алмағандық деп түсінem. Қазақ жер мен су атауларын қоюдағы мағнасы бойынша дөптігі жағынан еш бір халыққа дес бермейді. Әрбір төбенің де, әрбір өзектің де таңқаларлықтай дәлдікпен қойылған атауы бар. Ауылымыз неге ертеден «Керней» аталады? «Кернейтау» немесе «Көкбөрітау» тіркестері қайdan шыққан? Неліктен «Керней бабаның аулие бұлағы» сүйнан ел-жұрт дәм татқысы келеді? Не себептен «Керней» терминінен бүтін Қазақстан құлағдарлы? Қазақ халқында «Керней» аспабы болғандықтан, ауылымызды «Керней» атады ма? Ата жауға бабаларымыз кернейлете шабуыл жасап, дұшпандарын тойтарғандықтан, ырым етіп, жаңа туған бала есімін моллаға азан шақыртып, ел-жұрты, туғантуыстары, ата-әжесі, немесе, әке-шешесі Керней қойды ма екен? Саудың бастысы-«Керней» атауы қайdan шыққан? Осы сұрақтың жауабын қателеспей, ақиқатын дұрыс тапсақ нұр үстіне нұр болар еді. Ол үшін іздеуге болатын жердің бәрінен де, инемен құдық қазғандай болып төніректегі жердің асты-үстін қопарып, көне көз, зердесі мол қариялармен де, оқыған-тоқығандары бар жастармен де әнгімелесу, тарихи-ғылыми кітаптарға көп үңілу керек болды. Бұл шаруаға 21 жыл уақытымды жұмасадым. 2011 жылғы мамыр айында ой-қарымымды мүмкіндігімше қолданып, тарихи тұжырым жасауға, бар парасатыммен, істер ісіме сәттілік тілеп, бір Аллаға шүкіршілік айтып, айырықша жауапты іске кірістім.

Ұлттық сана, қазақ тарих санасын таразылау үшін 2011 жылдың, мамыр айында Семізбұғы мен Ботақара таулары

аралығымен жүздеген шақырым жол жүріп еттім. Кернейтау аймағындағы көне көз қариялармен әңгіме-дүкен көріктерін қыздырыдым. Олар, жастары жетпісті жыққан, тоқсанды тоқыратқан, көңілдерінде нұр-сәулелері бар, көкіректері ояу, зерделері зерек мына ақсақалдар; Құрмет Бұқпанұлы, Таяқбай Тұсіпұлы, Ахмедия Бейсенбекұлы, Сәби Бақшиұлы, Нұргайша Саманбеккеліні, Айтқожа Шәйкенұлы т.б. Кернейтау өңірі тарихын ғылыми негізде тәтпіштеу үшін көне баспаларды парактадым. мұражайлар есіктерін қақтым. Дәурен, Лаура, Арман, Ержан сынды зерек те көреген жастармен кездесіп, жер-жерлерді арапап, өлке тарихына ой жүгірттік. Мың сағалы ойларымды сана зердемнен даралай да, сарай да екшій-екшій өткізіп, ақыл-парасатыма салып, төмендегідей тұжырымдарға тоқталдым.

ТАБИҒАТ ТІЛ – ТАҒЫЛЫМДЫ ТІЛ

Уай, Қазыбек, Қазыбек,
Ел сыйлаган агасың,
Қызыл тілмен келтірдің,
Ойрат-қалмақ тәубасын.
Хас батыры Кернейдің,
Нұrbай батыр Аргыннан,
Қыран құстай самгайтын,
Жекпе жекте қалмақтың,
Өлтірген батыр Баргайын.

Ақтамберді жырау
—
Қазактың әрбір тасы тарлан тарихтың қарт қуәгері. Қазактың әрбір төбесі ата-бабалар ізінен елес береді. Қазактың әрбір тауы қазактың тау тұлғалар жөнінде сыр шертеді. Қазақ жеріндегі әрбір дауыл «Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұламаны» еске түсіреді. Қазактың әрбір самалды желі шашыңнан сыйпайды, ұлы мен қыздарын еркелетеді. Қазактың әрбір бұлагы тіршілік иелеріне нәрін ұсынады, мөлдірлікке шақырады. Қазактың

— Кернейдің әулие бұлалы

табиғаты елді ынтымаққа шақырып, намысты жоғалтпауға, рухты шыңдауға, қазақы болмысты үнемі, токтаусыз байыта беруге үндейді. Табиғат тілін түсінсек, қазақтың сансырлы, терең мәнді сөз маржандарын ұққанымыз. Сөзді ұққанымыз үлкенге құрмет, кішігө ізет көрсеткеніміз, тарихқа тағым, болашаққа бағдар. Арғы-бергі тарихтан тағылым алғанымыз, ата-бабалардың өнегелі іс-шараларын, тәлімді салт-дәстүрлерін жалғастырганымыз. Адамзаттың мындаған гасырлық тарихы бар, оның ішіне құрамадас бөлігі ретінде қазақ тарихы кіреді. Қазақ тарихы ішінде арғын тарихы, қаралесек тарихы, керней тарихы бар. Ұзақ тарихтың титтей түйірін білсек, біздер үшін бір ганибет. Сол түйірдің легінде туып-өскен жер тарихы өз орнын анықтайды, төл тарихын тарамдайды, батырларын бағалайды. Дәүірлер дүрбеленінде тарихи тұлға мен қарымды қылышқа, ел мен жер тарихының өшпес соқпағы адам жадында мәңгілікке сақталып қалады. Ұлы бабаларды еске алып жүру, үлкен тарихқа үңілу, аталардың өнегелі өмірінен келер үрпактарының ғибраттануы, табылmas алтын қазына, ұлы рухани мұра. Табиғат тілі-тағылым тілі. Табиғат тілін, қазақ тілін, данагөй ділімізді құрметтеу ләзім. Қазақстандағы Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы, «Керней» ауылының онғустік-шығысын басып өтетін, шығыстан батысқа қарай созылып жатқан Дөңқол жотасындағы «Кернейтау» Керней атамыздың атымен аталғанын жырлап береді!

КЕРНЕЙ БАБАНЫҢ ҚӨНЕ БҮЙРАТЫ

«Орта жұздің қазагын,
Қоныстандырыды Арқага.
Рұлы ел бол жақыстағы,
Есіл, Нұра, Балқашқа.»

Ақтамберді жырау

2011 жыл. 14 мамыр. Жылғелді Айткенұлы екеуміз, су жорға аттарымызды ерттеп мініп, Көкбөрі Керней үрпактарының

аманатын арқалап, «Кернейтау» баурайын барлауға бағыт алдық. Көпір тауын оң жақ қалғалда қалдырып, Белагашқа барап жолды қытп өтіп, Кернейтауды бауырлай жорттық. Мамыр айының самалы бетімізден сүйгендей, албұртқан көңіл, жүрек лупілі бойға қуат, ойға шуақ бергендей күйдеміз. Айналамыз жасыл желеқ, шөптердің неше түрі, кең далаға жайып тастаған түрлі-түсті кілемге ұқсайды. Тау өзектерінде кек теректер, ақ қайындар мен қара талдар достық саптында тұргандай, кезекпе-кезек бойларын түзеген. Өзекті бойлай, өзінің арнасымен мөлтілдеген бұлақ тоқтаусыз ағуда, табиги сағат тәрізді, үздік-үздік сыйбыр қағып қояды. Міне, Керней бабаның көне бүйраратына да көзіміз түсті.

Керней бабамыздың ғасырлар илеуімен жер болып кеткен қыстау үйі орнына да жеттік. Айнала жарты шенберлене ағаштар өсіп кеткен. Үй іргелері құлап, тастар шашылып қалған. Үй орны, оны қоршаган орта адамды терең ойға батырады, 1600-1700 жылдарды көз алдыңа әкелгендей, көңіл-күйімізді толқыпты. Жәкең екеуміз төрт ғасырға кейін шегінгендей әсерде болдық. Уақыттың бәрін де өз орнына қоятынын ұққандаймыз...

КЕРНЕЙ ҚЫС ҚЫСТАП, ЖАЗ ЖАЙЛАҒАН

«Он екі жыл қыстады,
Он екі ұлдан өрбіген,
Керней-Кәрсон үрпағы.
Сойыс малы бір бөлек,
Жаясы семіз қүйқалы.
Қалмақтан алған жесеңіспен,
Қылқырықтарды қантатты.
Жұз мыңнан асты жануар,
Қанаттандырар сарбазды.
Ақтамберді жырауың,
Жырлан берді еске алып,

**Қаракесек Кернейдің,
Даңқын шыққан тас жарыны»**

Ақтамберді жырау

Өтіп бара жатқан заман-ай! Көзге жүгіріскең борсықтай семіз сұырлар түседі, құды археологтар тәрізді, жерді қазып тастаған. Құлаққа торғайлар шырылы естіледі, бір бірімен жарыса әндetedі. Сол жағымызға, қиқулай сырласып, жұз метірдей қашықтықта екі тырна келіп қонды. Тырналар бір-екі сағатқа бөгелді. Аталығы тапжылмай бір орында тұрды, ал аналығы ерсілі-қарсылы, олай-бұлай, мазасыздана жүрумен болды. Жәкең екеуміз оларға қарап, таң-тамаша қалыстық! Қос тырна бізге не айтқысы келді? Ол жұмбақ болып қалды. Өмірде күрмеуі тарқатылмаған, ақиқаты ашылмаған мәселелерде сан жоқ. Осындай жұмбақтың бірі тарихымыздағы актаңдақтар, анық болғанды заңды түрде қабылдамау, кейбір тарихи оқиғаларды бұрмалаушылық. Санғасырлардан бері Көкбөрі Кернейтау да, Керней бабаның әулие бұлағы да, Керней бабаның қорасының орны да халық жадында өшпей сақталған. Керней ауылын орыстар ешкімнен сұрамай-ақ «Корнеевка» атай салған. Орыстарда толып жатқан Корней... Ол корнейлер елге не жақсылық істепті? Сонда, өз ата жұртынан қуылған, жер ауып келген, Украина мен Беларустар ауылдың атауын қай Корнейге бере салған? Бұлай болуы адамгершілікке жатпайды, заңға томпак, қазақтың ар-намысына түскен дәқ, рухына дат. «Керней» ауылының тарихи атауы шын мәнінде Көкбөрі Керней баба есімімен тікелей байланысты. Себебі, Орта жүздің қазағын Арқаға қоныстандырған Көкбөрі Керней бабамыз. Бұл сөзге тарих қуә. Екі сағаттай уақыттарын бізге бөлген, тарихқа бөлген тырналар Жәкең екеумізге осыны айтқысы келген шығар. Жәкең екеуміз де тырналардың көзден ғайып болып, қалай ұшып кеткенін байқамай қалыптыз. Бұл не ғажайып? Ал дамыл таппай, жан ұшырып, жер астын қопарып жүрген сұырлардың біздерге не айтары бар екен?

АУЫЛ АҚСАҚАЛЫНЫҢ АЙТҚАНЫ

«Үш жұзден келді қонағың,
Күміс көмей, ұшқыр тіл.
Қадірлей біліп Кернейді,
Сый сияпат жасадың.
Батырлықпен, ерлікпен,
Басқарған қазақ жасағын.»

Ақтамберді жырау

2011 жыл. 17 мамыр. Керней ауылынан онтүстік-батысқа қарай, 12 шақырым қашықтықта орналасқан, алтынторылар тұратын Алғабас ауылындағы Сәби Бақшиұлы ақсақалдың үйіне ат басын тіредік. Ақсақал үй ығында күншуақтап, бала-шагасының картоп отырғызу науқанын қызықтап, биік орындықта отыр екен. Аман-саулықтан соң әрі-бергі тариқха ой жүгіртістік. Шилі өзені Кернейтау, Асуағаш, Қалыңағаш және Ақпантарауы атты төрт сағадан бастау алып, Нұра өзеніне құяды. Семізбұғы тауынан, Жыланды тауына дейінгі тізбектей тартылған төбе-жоталар Дөңқол таулары деп аталады. Шилі өзені мен Дөңқол жоталары тізбегі Қарекесек пен Қаржас руладының жер телімдерін екіге бөліп тұрған, сан ғасырлық шекара. Дөңқол жотасындағы Кернейтау, Имеюжал және Қостанқол тауларында сонау жаугершілік замандарда «Аттан» дабылы ауылдарға жетісімен Балхаш көлінен бергі Талды, Сарысу, Мойынты, Жамшы, Тоқырауын, Бақанас, Аягөз, Ащысу, Шаған, Қекпекті, Нұра, Шилі және Ертістің бергі жағындағы ер-азаматтар аттарына қонысып, Орта жүз сарбаздары құрамасына тез арада келіп қосылатын көрінеді. Дөңқол тауларында жылқы үйірлері бағылып, жер ошақтар қазылып, соғысқа қажет сауыт-саймандарын жасайтын шеберханалар көріктегін қыздырған, қорған қаланып, киіз үйлер мен хан шатыр тігілген. Сарбаздар дайындықтары пысықталап, тактика-стратегиялық әдіс-айлалар ойластырылған, аттар жүріске жаратылған. Дөңқол басында қолбасшылар кеңестер

Кернейдің әулие бұлагы

өткізіп, елге келген жауды қуу, жою мәселелерін талқылап отырған. Дөңкол тауы басында үш адам жерленген. Үш мола да Египет пирамидасы тәрізді етіп таспен қаланған. Осы уақытта екі мола уақыт қажауынан шөгіп аласарғаны болмаса, бұрнағы қаз қалпында, ал үшіншісі бұзылған. Үш оба тең қабыргалы үш бұрыш іспетті геометриялық фигураның үшінда (вершина) орналасқан, өзара ара қашықтықтары үш метірден келеді. Үш батыр моласының оң және сол қапталдарында түзу бойымен қойылған жұздеген сарбаздардың мәйіттері мәңгілік тыныштығын тапқан. Бір үлкен шайқаста қаза тапқан қазақтың үш батыры және көлтеген сарбаздары Қостанқолға жерленген деп топшылаймыз. Үш моланың біреуінің тастарын әркімдер тасып, алып кеткен. Тастары тоналған моладағы адамның сүйектері шашылып қалған. Сәбен ақсақал мен жиені Арман екеуі, білген дүғаларын оқып, сүйектерді қайтадан жер қойнына беріпти. Айтуға тұрарлық жәйті, батырдың жіліншік сүйегі осы заманғы адамдардікінен анағұрлым ұзын (орта есеппен адам бойлары екі метрден асатындей) екен. Қорта айтқанда, бір үлкен шайқаста қаза тапқан қазақтың үш бас батыры және жұздеген сарбаздары Қостанқолға жерленген деп топшылаймыз. Дөңкол тауларындағы зираттарды зерттеп, анығына жету археологтар мен тарихшы мамандардың еншісінде.

**Хан көтерді Қаракесек,
Ардақ тұтып еске алыш.
Батырым деп Кернейді,
Құшақтасып тоске алыш.»**

Ақтамберді жырау

Сірә, бұл төбеде қазақтың үш батыры жерленген. Бағзы замандарда батыр атану үшін біріншіден зор денелі, екіншіден бет әлпеті сұсты, үшіншіден дүшпанға айлалы, төргіншіден істе тапқыр, бесіншіден шешендік сөзде белсенді, алтыншыдан аса алғыр, жетіншіден жолы болғыш болуы шарт. Батыр жау батырымен соғыс алды жекпе жегіне

Кернейдің әулие бұлғасы —

Шығады. Жауапты сайыста қарсыласын жер жастандырып, сарбаздар рухын көтереді. Сол замандарадағы жасақ басылар былайша реттелген: он басы, жүз басы, мың басы, он мың басы, жүз мың басы. Осы әскери сатылардан мұдірмей откен қазақ сарбазы, кейіннен әскербасы дәрежесіне көтеріледі. Осындай батырлардың бірі, және де бірегейі, талай жауды жер жастандырған, қазақ халқы үшін өз жанын пида еткен, халық қаһарманы, түрік әлеміне есімі мәшіүр, даңқабройы асқан жауынгер, Жәңгір хан сарбаздарының бас колбасшысы, қазақ жасақтарын құрушулыардың бірі, ханың соғыс мәселесі жөнінен ақылшысы, Кокбөрі Керней баһадүр! Қазақ халқы, Аргын елі, Қаракесек руы, Керней ұрпақтары Көкбөрі Керней батырмен мақтануларына болады! Кернейді туған анадан айналдық! Кернейді туған елден айналдық! Кернейді туған жерден айналдық!

КӨКБӨРІ КЕРНЕЙДІҢ ҰРАНЫ

**Ас өткізіп, Қазыбек би,
Бағыштаттың Құранды.
Көкбөрі Керней атанып,
Жауға салған ұранды.
Хан көтерді Қаракесек,
Ардақ тұтып еске алыш,
Батырым деп Кернейді,
Құшақтасып тоске алыш.**

Ақтамберді жырау

**Тұбі бір туыстар түгел бол,
Қас дүшпаныңа берме жол.
Жаратқанымыз жар болыш,
Жауыңа тисін семсер қол.**

Кокбөрі Керней

Әнұран елдің рухын аспандатады, биіктеге шарықтатады.

—~~М~~о~~С~~т~~О~~р~~Д~~о~~у~~л— Кернейдің әулие бұлагы
Қазақтың әнұраны жауға шабар соғыс алдында сарбаздарды
жігерлендіру үшін айтылған.

Колбасшылар мәжіліс өткізетін төбені «Қостанқол» дәп айшықтаған. Бұл сөздің мәнісі, әрбір қостан келген қол түсінігін береді. «Дөңқол»-биік (дөң) мақсатта жиналған қол (сарбаздар) мағынасында, яғни, ел мен жерді, Отанды қорғап қалатын айбынды күш. Дөңқол тауы аймағынан 2007 жылы Сәбенің жиені Олжабаев Арман алтыннан жасалған, таңба-өрнекті белгісі бар көне сақинаны, яғни, осыдан 7 жыл бұрын суыр інінен тауып алған. Арман бүгіндері, саусағындағы алтын сақинаны ата-бабаның сыйы ретінде қарастырып, жақсы ырымға балап жүр. 2010 жылы суыр іні жанынан Тілеутаев Дәурен найзамың үшін тауып алды. Найза үшін бұл күнде мұражайда сактаулы. Міне, тау мен тастың айтқандарынан Сәбен қария екеуіміздің үққанымыз осы баяндалған әңгіме болды. Суырлардың не айтайын дегендерін біз білмедік, ал олар Арман мен Дәуренге алтын сақина мен сынған найза үшін сый етті.

КЕРНЕЙ БАБАНЫҢ ӘУЛИЕ БҰЛАҒЫ

«...Сіргеліден Елшібек,
Оқ қолы еді Кернейдің.
Тайатқан, Шұнақ бауырында,
«Қалмақ қырған» басында,
Қайратына шыдатпай,
Жекпе жекте олтірді,
Менменсінген қалмақтың,
Шоно-Добо батырын.
Намысын қорғап найзамен,
Қазақ деген халқының.
Ажал тауып өзі де,
Жерленді бұлақ басына....

Ақтамберді жырау

2011 жыл. 19 мамыр. Емші, Қазақстан бойынша үшінші орындағы тұс жорушы Нұргайша апай, Керней орта мектебінің ағылшын тілі мұғалімі, менің шәкіртім, Лаура Қанат қызы үшеуіміз Керней бабаның әулие бұлағына келіп темір тұлпарды тежедік. Нұргайша апайдың Керней бабаның әулие бұлағы басында айтқан әңгімесі: «Адамның табиғатсыз күні жоқ. Табиғаттың оны айтатын үні жоқ. Табиғаттың тілі жоқ болса дағы ол өзінше сыр шертп тұрады, қоршаган орта тілін ұғыну керек. Керней бабаның әулие бұлағының сұы жартас арасы көзінен шығып, сандаған ғасырлар бойына асықпай, тоқтаусыз ағып жатыр. Бұл әулие бұлақ та талай тарихи оқиғаларды мөлдіреген көзімен көрген, су сыйдырын құлағымен естіген, шипалы да дәруменді дәмінен сезінген. Әулие бұлақ сұымен жуынса адамның асқынған дерті женілдейді. Ол үшін денеге су адамның басынан бастап төмен қарай, өз ағынымен құйылғаны дұрыс. Көкбөрі Кернейтау бауырайының бүлдіргенімен Керней бабаның әулие бұлағының сұын араластырып ішіп жүрсе бүйрек-бауырда жылдар бойына жиналып, тасқа айналған тұз еріп, зәрмен қосылып ағзадан шығып кетеді. Біз, тасбауыр болмайық, бір-бірімізге нағыз бауыр болайық! 2007 жылы, Керней бабаның әулие бұлағының басында әруақтарға бағыштап дұға оқыған соң, бейсенбі күннің түнінде маған мынандай аян келіп түсті: «Мен, Сары баба, Дөңқол таулары төңірегінде жатырмын. Жанымда өткен күндерден тағы да әруақты бабаларым жатыр. Дөңқол тауларында қазақтың үш батыры, олардың екі қанатында, бір тұзу бойымен, тізбектеліп жүздеген қазақ сарбаздарының сүйектері жатыр. Өзім жол үстінде жүретін бақсы баба сияқтымын. Мениң рухым дамыл таппайды, Жаппар Аллаға тағзым етіп ояна салып әруақтарға дұға бағыштап есімді жидым. Зират көрсендер дұға оқымай, ол жерді айналып өтпендер. Қазакта «өлі риза болмай, тірі байымайды» деген терең мағналы, адамға ой салар сөз бар. Барып су алып жүрген бұлағың «Қазақтың Кернейінің әулие бұлағы. Әулиеде ру да, нәсіл де

жоқ. Әулиеде жаттық болмайды. Бар адамзат бір Алланың құлты. Құдай о дүниеде аулиеден оның руын еш уақытта да сұрамайды, бірақта, бес күндік жарық дүниеде әке-шешендейде, ата-әжендейде, руынды да, үлтүнды да біліп, оларды қадір тұтып, қастерлеп елге айтып жүр».

КӨРІПКЕЛДЕРДІҢ КЕРНЕЙТАУДАН «КӨРГЕНДЕРІ»

Толыбай батыр көріпкел,
Батыр еді айтұлы.
Қай қыынға салса да,
Білмейтүғын жасуды.

Ақтамберді жырау

Көріпкелдердің айтқандарынан бір үзін, сыр... Семейден келген Гүлзия: «Бағзы замандарда Кернейтау төңірегінде керемет тарихи оқигалар болған. Төбе басында мола бар. Молаға күмістелген ертоқым, тағы да басқа тұрмыстық заттар көмілген...» Түркістандық Зәуре, шынтақтай жерге жата кетіп: «Кернейтау баурайында шипалы бұлақ бар екен. Нұргайша, сен, сол бұлақты тауып ал да, шипалы суымен дертке шалдыққандарды емде, мол сауапқа батасың, Жаппар Алла ризалығына бөленесің. Көптеген науқастарды емдейсің, халық алдындағы беделің арта түседі...» (1990-1995 жж.) Қарағанды қаласынан Жанар Сансызбай қызы: ««Керней» жерінің асты теңіз. Теңіз түбі тұнып тұрған күміс. 300-500 жылдардан соң Кернейтау төңірегінде сәулетті қала салынады. «Тұған жер жәннәт» демекші, қазақ елі туған жерінде бақытты ғұмыр кешеді, «алтын ғасыр» заманы орнайды. Мұны біздерден кейінгі, алыстағы ұрпақтарымыз көреді, бақытты өмір сүреді. Көкбөрі Керней іспетті атабабаларымыздың қаны бекерден бекер төгілген жоқ. Қасық қаны келер ұрпақ бақытты үшін киелі жерге шашылды.

Осыдан 392 жыл бұрын, перште тәрізді Керней бөбек дүниеге жайдан жай келген жоқ. Бөбек Керней – Көкбөрі Кернейге, одан әрі қара орман қазақтың атақ-даңқы жер жарған батыр Кернейіне айналды...» (2011 ж.)

ҚОРҒАНГА БЕТ БҮРҒАНДА ЖАУҒАН ЖЫЛЫ ЖАҢБЫР

2011 жыл. 21 мамыр. Сәби қария, үлкен ұлым Нұрлан, Сәбенің жиені Арман және мен Алғабас ауылының шығыс аумағындағы бағзы қорған қабырғасын көруге автокөлікпен жолға шықтық. Тас қабырғалы қорғанға бет бұрысымен жауын жауа бастады. Ақ жауынды Сәбен жақсылыққа жорып: «Алланың халыққа жіберген несібесі ғой» деп марқая масаттанып қалды. Осы күнге дейін Алғабас атрабында құрағақшылық ел-жүртты, сайын даланы қатты шөлдеткен-тін. Қорғанның төрт бұрышында биік күмбезді күзет мұнаралары болғанға ұқсайды. Қорғанның ені 3 м, ал периметрі 4000 м шамасында. Осы уақытта қорғанның тастары құрлысқа қолдану үшін, жан-жаққа тасылып әкетілген, бірақ та оның жер асты бөлігі бүтінге дейін сақталған. Жаугершілік заманда Дөңқол тауларында Орта жүз қолбасшылары бас қосқан, қарулы жасақтарын сайлаған. Жалпы қазақ сарбаздарына қосылуға жан-жақты әсери-техникалық, тактика-стратегиялық дайындықтар жүргізген. Қарауыл, бекініс орындарын салып, сарбаздарды қару-жарақтармен қамтамасыз еткен. Киізге оралған қылыштардың жер астына тығылғаны жөнінде көнекөз қариялар әңгіме арасында айтып қалады. Қазақта «алтын бар жерге» жын-перілер үйір болады деген айғақ бар. Дөңқол тауларына, оның ішінде осы қорғанға жын-перілер көші көктем айының басында шығыс жақтан сағым тәрізді болып келіп, күз айының соңында кері қарай қайтады екен. «Желсіз күні шөптің басы қимылдамайды» деген сөз ата-бабамыздан қалған. Осы тәрізді оқиғаны адамдар ойдан шығарып немесе

жайдан-жай айта салмайды, мұнда бір гәп бар екені сөзсіз. Бұл ерекше құбылысты гылыми тұрғыда зерттеген дұрыс шығар? Сәбен. Арман және де Алғабас ауылының өзге де тұрғындары мұндай таңқаларлық құбылыстарды талай мәрте естіп-көргендер. Көш сағым сияқты болып көзге көрінеді. Ат тұяқтарының дүбірі, арба дөңгелектерінің сықыры, көптеген адамдарға ап-анық естілген. Алла жын-періден адамдарды әрқашанда сақтасын. Қекбөрі Кернейдей батырларымыздың өрелі өмірі олардың үрпақтарына үлгі өнеге. Жаппар Алла сәтін салғанда, халыққа нағіп болып, жылы жауын жауып тұрсын. Халқымыздың тас қорғаны мықты болып, сарбаздарымыздың рух-намысы берік болып, Тәуелсіздігіміз баянды болып, барша Қазақстан халқының Отанға деген сүйіспеншілігі арта түсіп, ақ орда-күмбезіндегі көк туымыз желбірей берсін.

ЕСІМХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ

«Шыңғыс ханың өсіетін,
Бағдар тұтқан, Есім хан.
Қан жоса еткен жауларын,
Баһадүр еді, Есім хан.
Баласы оның Жәңгір хан,
Қалмақтарға ойран сап,
Аттан тұспей, бел шешіп,
Атырды талай, тациан таң.
Қаракесек Кернейді,
Серік етіп қасына,
Сан шайқаста ерлікпен,
Көрсетті талай өнерді.»

Ақтамберді жырау

Қаракесек руынан шыққан Қекбөрі Керней 1619 жылы, еңсегей бойлы ер Есім хан заманында дүние есігін ашқан. Есім хан 1598-1645 жылдар аралығында алты Алашты,

яғни қазақ, өзбек, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ және ногайларға 47 жыл бойына билік жүргізген, халық алдында өте зор беделге ие болған, тарихи ұлы тұлға. Ол қарымды қолбасшы ғана емес, тапқыр саясатшы. 1598 жылы бұқар әміршілерімен арада жасалған бітім шартынан соң Есім хан Қазақ Ордасының сыртқы шекарасын бекітумен қатар, оның ішкі әлеуметтік жағдайын да жақсартты. «Есім ханның Ескі жолы» аталатын атақты заң осы жылда қабылданған.

ҚӨКБӨРІ КЕРНЕЙ

«Керней атаң, кім еді?
Жаудан беті қайтпаған,
Жүргегі тұкті ер еді.
Соғыстардан соғыста,
Ерлікпенен тұледі.
Марғасқа жырау жырлаған,
Есім ханның қолында,
Батырлықпен корініп,
Бола білді тірегі.
Хан Жәңгірге қастандық,
Жасаймын деген жансыз боп,
Қекбөрі Керней ұлгертпей,
Басын шапты Тонайдың.
Содан бері екеуі,
«Бармақ дос» боп жүр еді.»

Ақтамберді жырау

Бір тарихи мәні бар, ел аузындағы аңызда қазақтың шығуын «арғы тегі Қекбөріден тараған, ата жауына аш бөрідей қаһарлана тиетін, жылқы мінезді, нар тұлғалы, ар мен намысты тең ұстанған, болмысы асыл тастай бекем» батыр ретінде суреттеледі. «Қазақта қекбөрі»-қисапсыз қаһармандықтың, қалың қолды (әскерді) бастаушы, көреген стратег және тактик қолбасшының,

ел алдына шығып салиқалы ой мен жарқын жол көрсете алатын шешенниң, айтқан ақылына құлақ қоятын ханның кеменгер кеңесшісі іспетті фәлсафалық мәні зор, терең мағыналы үғым. Қалмақтарға қарсы қиян-кеекі шайқаста Қаржастан – Қойсары, Қалқаман (Бұқар жыраудың әкесі) Қарағай батырлар қатысқан. қайтпас қайсарлығымен, екпін пәрменділігімен ерекше көзге түсіп, жауды онды-солды сұлатқанын көзі шалған Жәңгір хан (1645-1680 жылдар аралығында, 35 жыл хан тағында отырған) өзі басқарған аса жауапты үріста, 1643 жылғы Отан соғысындағы ерлігінен кейін, балауса Кернейге Тәңірден басқаны мойындамайтын ерлігі үшін «Көкбөрі Керней» атағын берген екен дейді көне тарихты бір адамдай білетіндер.

ЖАНЖҮНДЫ ЖЕР ЖАСТАНДЫРДЫ

*Сіргеліден қыз таңдал,
Алды Ақбикеш батырын.
Жекпе-жекте қалмақтың,
Жан тансыртқан Жанжұнын.*

Ақтамберді жырау

Керней өзінің жастығына қарамай өр мінезді, кең жауырынды, жұмыр білекті, жайын жауырынды, жолбарыс жонды, арыстан жүректі, өткір көзді, қыр мұрынды, жалпак ерінді, тепсе темір үзетіндей қарулы, ой-қарымы ұшқыр, кең мандайы жарқыраған, сөз саптауы ұтқыр, шапшаң қимылдайтын, өте сезімтал, көсем келбетті, жеті құлаш найзасын емін-еркін менгерген, бір құлаш болат семсерін онды-солды сермеген, асыл ағаш садағын кесілте тартқан, торғыл қара-көк тұлпарын тақым күшімен басқарған, алып тұлғасыменен сарбаздар арасынан ерекше көрінген. Еңсегей бойлы ер Есімге де, жауырыны жерге тимеген батыр Қажымұқанға да, рухы мен намысы мызғымас қаһарман Бауыржанға да ұқсайтын тұстары жеткілікті. Бұрынғы

батырлар дене дербестігімен де, орнекті өнерімін де, берік білімімен де, ақыл-парасатымен де мен мұндағап түрғандай, көзінің қызығы гүсекінде дуалы әсерін тигізген. Керней балауса шағынан бастал қазақжасағы сапында сарбаз ретінде шындала бастаған. Қантөгіс соғыс алдында, қарсыласқан екі жақтың батырлары жекпе жегін өткізген. Сондай жекпе жекте қалмақтың батыры Жанжұнға қарсы «алдында жүрсем жалауың болайын, артында жүрсем қорғаның болайын» деп қосылған жан жары ақ сауытты, ереккеше киінген Ақбикеш қүйеуі Кернейдің ақ батасын алып ат ойнатып алға шықты. Хан алдынан өтпей жекпе жекке жеке дара шығып жауын жер жастандырғанда «Ақберендей атылған бұл қай батыр boldы екен» деп таң қалған хан Жәңгірдің өзі ат шаптырып келіп маңдайынан иіскең ризалықпен «Ақберен» деген есім беріпті.

ҚӨКБӨРІ КЕРНЕЙ-ӘСКЕРИ ҚОЛБАСШЫ!

*«Ас үстінде атаңың,
Ерлігін жырлап берейін.
Сексен үште көз жұмған,
Өрлігін жырлап берейін.
Арыстан жүрек айбарлы,
Мәрттігін жырлап берейін.
Жолбарыс жонды батырдың,
Өмірін жырлап берейін.
Батырым деп Есім хан,
Котерген Керней мерейін.»*

Ақтамберді жырау

Көкбөрі Керней бірден жүздікті, көп ұзамай мындықты басқарады. Ал 1643 жылдан кейін Жәңгір хан сарбаздарының бас қолбасшысы дәрежесіне көтеріледі. 1702 жылды Бетпақдала жақтағы Тайатқан мен Шұнақ таулары етектерінде (Шамамен Мойынтыға дейін аттың жорға

желісімен бір күндік жер) қалмақтардың 15 мың әскеріне Көкбөрі Кернейдің 5 мыңға жуық сарбаздарымен қарсы тұрды. Осы алапат арпалыста 83 жастағы қарт қолбасшы әдейі дайындалған, қорғасын оқтан, майдан даласында ерлікпен қаза табады. Атақты қолбасшының мүрдесі Балхаш көліндегі Шұбартұбекте мәгілікке сырт көздерден жасырын тұрде жерленген дейді көне көз қариялар. Уланған оқтан жарапанған жауынгер баба, түйеге жегілген арбаның үстінде жатып былай деген екен: «Дүниеден өтпейтін адам жоқ. Сексен үшке жеткен жасым бар. Жасарымды жасадым, асарымды асадым, Жаратқанға тәубе. Міне, маған тасадан әдейлеп атқан жаудың оғы ұшына тиді, дәм-тұзым таусылуға таяу, о дүниелікпін. Мені төбе биігіне, су келмейтін жерге, сүйегімді іздегендерге таппайтын тұска, жасырын жерлендер. Қараңғы қапаста да тыныштық таппай жаулардың мысын басып жатайын.» Көкбөрі Керней батырдың өсіеті орындалып, «Денесі жасырын тұрде, қалмақ сүйектерінің үстіне қойылған екен» дейді көне көз қариялар.

1643-1644 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАНДЫ МАЙДАН

Қазақ халқы қай кезеңде болмасын «елім, жерім» деген хан мен мырзаға, би мен сұлтанға, батыр мен шешенге кенде болып көрген жоқ. Әр заманның өзінің сөз сөйлер азаматы, тағызырын шешкен биі, жаудан қорғаган ері болғаны тарихтан белгілі. «Ер жігітке жарасар қолына алған найзасы, би жігітке жарасар еліне тиғен пайдасы» деп Бұқар жырау (1693-1787) бабамыз айтқандай, еліміздің «өзін-өзі билеген ел» болуы жолында әрқайсысының қосқан үлесі орасан зор. Елімізді бір замандар «тарихын жаспен жазған тозған ел» етсе, енді бір замандар «тарихын таспен жазған толған ел» етті. Бірақ, қай заманда да, елі үшін, жері үшін еңбек еткен, қанын төккен азаматтардың өсімдері халық жадында мәңгі өшпестей болып жатталып қалды, ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде жалғасуда.

Орыс деректері бойынша, Батур қоңтажы Алатаудағы қыргызға басып кіріп, байлығын тонап, еркегін құл етіп айдал кетеді. Тұтқындардың есебінен шеріктерін қүшейткен соң қазақ жеріне «Жібек жолы» қақпасынан өтпек болған кезінде алдынан Жәңгір хан қарсы тұрады. Кейінірек, соғыстың соңғы кезеңінде 20 мың әскерімен Бұқар хандығынан Самарқан әміршісі Жалаңтөс аталық жетеді. Яғни, ойрат-қазақ соғысы екі хандық шеңберінен шығып, монгол-түрік соғысына айналады. Орталық Азиядағы үстемдік үшін қазақ пен қалмақ арасындағы ұрыстар 1520 жылы басталып, аратұра үзілістермен 1758 жылға дейін, яғни екі ғасырдан астам уақытқа жалғасты. 1643-1644 жылдардағы ұлы майданда Салқам Жәңгір ханның қалың қолын басқарған тұста Көкбөрі Керней сарбаздары киян-кескі ұрыста шешуші женіске жетті. Осы орайда, Абылай заманының деректі құжаттарында нақты аталатын, тарихи әңгіме, жырлар мен байырғы әдеби мұраларда бой көрсететін, халық жадында берік сақталған аруақты батырларын еске алғанымыз жөн. XVIII ғасырдың үшінші бөлігінде Дүрбін-Ойратты ойрандаған, Мәнжу-Цин басқыншыларынан қаймықпаған, торғауытты тоқыратқан, қырғызды Алатаудан асырып, өзбек әміршілерінің аузын жапқан, сөйтіп, жиырма жыл бойы қазақ байрағын жықпай, Аблай ханға үш жұзді басқартқан, Алаш Ордасын орнықтырған, атақты да айбынды, айтулы қолбасшылар: Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Баян, Малайсары, Олжабай, Шақшақ-Жәнібек, Шапырашты Науырзбай, Ақтамберді, Жәпек, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Көкжарлы-Барақ, Құлашибек, Тұрынбай, Нарбота, Қожаберген... Бұлардан басқа Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сенкібай, Мамыт, Молдыбай, Таңсық, Оразымбет, Райымбек, Айбас, Жаназар, тағы да басқа жұздеген батырлардың аттарын атауға болады. Осындай марғасқа батыр-қолбасшылардың ақыл-парасаты, қажыр-қайраты, төгілген тері мен қасық қаны-бүкіл қазақ тарихын тәуелсіздік тұғырына тақады, ұлтының

мерейін үстемдеп, ұрпақ болашағын бағамдады. Біздің заманымызда жоғарыда аттары аталған және аталмаған көрнекті тұлғалардың табандылығының нәтижесінде Қасым ханының қасқа жолынан айнымай, Есім хан, Жәңгір ханының ұлы жолдарын Абылай хан баянды етіп дағдарыстарға ұшыраған қазақ хандығын айбарлы да, айбынды мемлекетке айналдырыды.

ЕРЛІК ІЗІ ЕШ ҮАҚЫТТА Да ӨШПЕЙДІ!

Қазақтың кең жазирасын араласаңыз, әлбетте, Балхаш, Қарқаралы, Шет өнірлеріне бара қалсаңыз, «Керней» ауылынан келдім десеңіз, ол жерлердің кез келген тұрғыны елең ете қалады. Көздері оттай жанып, жүректері алып ұшып, жүздері күн шуағындај жадырап сала береді. Өзімнің руым қаржас, оның ішінде Бабаспын. Бергі жеті атамды тізіп берейін: Жанақ, Есентүгел, Кенжалы, Аймағанбет қажы, Ақыш, Термізі. Шет ауданына бара қалсам айтартықтай толғанысқа түсемін. Керней ұпақтарының қанышылдығы, қонақжайлығы, жан мен тән сұлулығы, мәрттігі және парасаттылығы менің көңілімді таң-тамаша күйге түсіреді. Бұл аймақтың азаматтары қазақы болмысымен, пейілінің кеңдігімен, жалпы жоғары адами қасиеттерімен өзіндік жаңдуниеңізді баурап алады, жағымды энергияны бойыңызға құйғандай болады. Осындай рухты адамдар қазақ халқының мақтанышы, қазақ символы іспеттес! Осынау адами жоғары қасиеттер Көкбөрі Керней бабадан ұрпақтарына дарыса керек. Бұл рухани биіктік, бұл адами ірілік, бұл қазақтың басына қонған бақыт! Төрт ғасыр өтінде өшпеген Көкбөрі Керней батыр бабамызың ізі, еш уақытта да өшпейді!

ҰПАҚТАРҒА АМАНАТ: «ТҮБІ БİR ТУЫС, ӘРҚАШАНДА ТҮГЕЛ БОЛ!»

Көкбөрі Кернейдің кіндігінен төрт түқ болған: Салмырза, Дау, Шан, Балапан. Қазактар қалмақтарды талқандаған соң, жеңіс сыйыр ретінде сарбаздардың данқ-дәрежелеріне сай, қолбасшы-сарбаздарға тиесілі хан тарпынан жер телімдері берілген. Осы тұста даңқты қолбасшы Көкбөрі Кернейдің батырлығы арқасында Арғындарға Шилі, Есіл, Нұра өзені сағаларынан бастап Балқаш көліне дейінгі ұлан-гайыр аймақ анықталған. Кейін осынау Шилі өзені ағысының солтүстігін бойлап жатқан аймақ Көкбөрі Керней ұрпақтарының жаз жайланаудың айналған. Шилі өзенінің оң жақ бетінде Қаржастар, ал сол жақ ағарында Қаракесектер көп жылдар ағымында өзара түсіністік пен ынтымақтастықта ғұмыр кешкен. Осы уақытта, 3-4 ғасыр жылжып өтіп кетсе де, Тәуелсіз Қазақстанда, «мың ру елінде» түсіністік пен татулық кеңістігінде, бұрынағы Қаржас пен Қаракесек жерінде – көмекей әулие Бұқар жырау мен Қаздауысты Қазыбек би елінде бақыт құшағына бөлөнген түрлі ұлт пен ұлыс өкілдері жарасымдылық сипатта өмір сүруде.

Бүтіндері Көкбөрі Кернейдің ұрпағы өсіп-өніп, керегесі кеңейіп, шаңырағы биіктеп, Тәуелсіз Қазақстанның еңсесі үлкен, бір зәулім үйіне айналды. Елдің бақыты өлілер аруағын риза етумен, бүгінгі өмір құндылықтарын бағалай отырып, осы құндері ертенгіге жарқын жол ашумен дараланады, ой-сана тереңдігімен сараланады. Жарық дүние есігін ашқанына 392 жыл, бес құндік жарық дүниеден өткеніне 309 жыл толғандығын атап өте отырып, қазақ тарихына көз жүгірту саяси-қоғамдағы, өскелен ұрпаққа тәлім-тағылым берерлік, өте құнды тарихи оқиға. Бұл оқиға-ерлік пен елдіктің ұлы көрінісін адамзатқа тағыда бір паш етер, ата-бабаларымыздың ауыр да зерделі, бұралаңы мол, ұзын жолын ұрпақтарына көрсететін, тарихи мәні зор оқиға. «Түбі бір туыс, түгел бол» деп ата-бабалар айттып кеткен. Бұл ата-бабадан біздерге аманат. Аманатты ғұлжытпай орындау біздерге, ұрпақтарға, ардақты парыз.

ТҮЙИН

**«Келдібек би атаңыз,
Жайлатты «Ботақараны».
Тау бауыры қыс қыстау,
Көк орай шалғын, ен жайлау,
«Сандықтас» тауын еншілең,
Ататтырды «Керней тау»**

Ақтамберді жырау

Ақбакай жоргамды жосылтып, жанымға көнекөз ата-әжелерді жол серік етіп, қазақтың Көкбөрі Керней батырының қаракер тұлпарының ізімен жүріп, талай шаршы шақырымды шандатып өттік. Орыс-қазақпен әнгіме тарқатысып, үштөрт ғасырлық тарих түңгішіне тереңдедік. Керней ауылы астындағы күмісі тұнған теңіз тереңінен тарихи хабарды қазып алғандай болдық. Ағаштары бүршік жарған, қарағандары топталып шоғырланған, қыр қызығалдақтары құлпырған мамырлы мамыр айының жұпарлы ауасымен кеңінен тыныс алдық. Әрбір сапарымызда Көкбөрі Керней баба жәнінде әнгіме қозғалып, тарихтың түнба тереңіне үңілістік. Сол шубалаңдаған жол, сол шұбатылған сөз, сол жайылған қол (аруақтарға дұға бағынтау, бір Алладан тілек тілеу), сол жаудыраган көз Көкбөрі Кернейдің өмір жолын, қазак тарихының бір кішкентай түйірін қекейге ұялатты, ойға ой қосты, ақылға ақыл қосты, билімімізді молайтты, санамызды жаңғыртты. Көкбөрі Керней бір ғасырга жуық гүмірын туған жері үшін, асқақ ем үшін ат үстінде, түн үйкесін төрт беліп, күн ыстығына шыжып, түн суығына тоңып, қазақтың жөбін жоқтап бұрысқан тұрғыстан, жаумен жағаласып, дүштапмен дүбірлесіп, еншіп мінезімен, қазаки-бөрілік болмасымен, жемчегевге десен қаһарманлық қаһарыммен өмір-гүмірыни ат үстінде откізген. Ат үстінде туған, ат үстінде өлген. Бірақ-та, Көкбөрі Кернейдің есімі, мұқалмас қайрат-жігері, аспандаған рухы өлген жоқ.

Кернейдің әулие бұлагы ——————

Көкбөрі Керней, осынау төңіректі, Керней ауылы тұрган жерді, Кернейтауды, төбелер мен адырларды 1660-1680 жылдары Қазақ-Жоңғар арасында тыныштық орнаган заман болды. Оның мәнісі Жоңғарлар Цин патшалығымен соғысып бастарымен әлек болып жатқан еді. Осы кезде бір өзенің бойында туып өскен досы Келдібек батыр, Келдібек би Көкбөрі Кернейді өзі жайлап отырған Қу тауының қыс қыстап, жаз жайлап қайтуға қонақшақырады. Осы келісінде Көкбөрі Керней кіндігінен тараган үрпақ осы, бүгінгі күнге дейін өсіп өнуде, гүл жайнауда. Қазақ ішінде, Арғын ішінде, Қаракесек ішінде, өз алдына бір төбе ел, төрт құбыласы сай ел, даңқ-абройы ұлықты, бақ-дәuletі келісті, Көкбөрі Керней ұлысына айналды. Мұнда қазақты ру-руға, тайпатаипага бөлейін деп айтпаймын, бүтін қазақ үшін мақтаныш ретінде айтамын, аса құрметті Қазақстандықтар! Қазақтың көшпелі заманы тұсында Көкбөрі Керней кіндігінен тараган үрпақтарының бақ-дәuletі тасып, 12 жыл қыстап қалмактар жағынан соғыс қаупі төнгенде қайта көшеді. Келдібек би қоштасарда Көкбөрі Керней досының құрметіне сандықтай-сандықтай болып шогырланған Сандықтас тауын Керней тауы, етегіндегі өзенін Керней өзені» деп ататтырады. Сол жылдары кернейліктер Балқаш көлінің солтүстігінен бастап Шилі өзенінің сол жақ ағысына дейінгі төңірекке, төрт мезгілдік көшуде болған. Олар: қыстау, көктеу, жайлау, күзеу. Кернейліктер Кернейтау баурайында Қаржас румен көршілес тұрып, жаз жайлауында малдарын өріске өргізген.

Үкімет басында отырғандарға, халық қалаулыларына, тарихшы ғалымдарға, көкірегі ояу азаматтарға біздің тілек сөзіміз жетер деп топшылаймыз. Елбасы мен ғалымдар тарапынан қолдау көрсетіліп, тарихтың қақ төрінен Көкбөрі Керней батыр бабамыз лайықты орнын алады деп көмілінен сенеміз. Төрт ғасырға жуық уақыт аралығында Көкбөрі Керней атының өшпей сақталуы тегіннен тегін емес. Ой таразыға салып көрініздерші, кімнің есімі осынша уақыт халықтың жадында сақталған, еш ұмытылмаған, аңыз-

—ММО-САУА-ДОЛЛ— Кернейдің аулие бұлагы

әңгімелер қатарласа айтылған. Қаңғыған орыстар келіп жер-су аттарын, ешкімнен сұрамай-ақ өзгерте берген, тарихи атаулар өрескел өшірілген немесе орыстандырылған. Өз беттерімен Керней ауылын «Корнеевка», Көкбөріні «Волчи» деп, ал Кернейтауды «Кернейгора» деп атап кеткен, еш бір қиналмай-ақ, заңдастырып алған. Бұл кезде жер-сулардың тарихи, заңды атауларын қайтару мүмкін болмай отырғаны қалай? Павлодар, Петропавловск, сол сияқты, Астанаға Қарагандыдан баарар күре жол бойындағы толып жатқан Корнеевка тәрізді, елге еңбегі сіңбеген орыстардың «евка» аттары. Бұл қазақты басынгандық! Бұл сұмдық қой! Осы үшін мен өлердей ұяламын, жағамды ұстаймын, жанған тас көмірдей болып, ішім оттай өртеніп, басымдағы миым құж-құж қайнайды, шыбын жаным қүйзеліп, Алланың жарық дүниесіне симайтындай болып, қан жылаймын. Тарихи атауларды қайрадан қалпына келтіруге қабілетіміз жоқ, көрінген келімсекке жаутаңдаймыз, мұндайда ұнжүрғамыз түсіп, теперіш көрген тіліміз күрмеліп, бейшаралық кейіпке түсіп қаламыз, қарайғаннан қорқып, өз-өзімізден де қаймығып тұрамыз. Көкбөрі Кернейдің қолбасшылық келбетті, нар тұлғалы тас мүсіні бас қаламыздың сәулетті даңғылдарының бірінен, қара орман халқына өз жерінде, өз елінде сұltан болу керек екендігін үғындырып, халқына ақ жол көрсетіп тұруы керек деп санаймыз. Ауданың, көшениң атауын беру Көкбөрі Керней бабаға лайық. Оқу орындарында, тарих пәні бойынша Көкбөрі Керней оқулары өтіп тұруы дұрыс болар еді. Жалтақтайтын уақыт өтті, ер міnez көрсетер уақыт жетті, арда қазақ! Осы ойға қарсы шығатын «білімпаздардың» шығарына менің күмәнім жоқ. «Өз ішіңнен шыққан жау жаман» демекші, Көкбөрі Керней бабамызға бір ауыл атын беруді де кимай қалатындар табылып қалуы әбден мүмкін. Қазактар бір-бірінің аяғынан шалуды бір заманда да тоқтатқан емес. Бұл жаман әдеттен қашан арылар екенбіз? Мен тарихшы болмасам да, таза ниетті адаммын, қазақтың шынайы, тағылымды тарихы

—— — Кернейдің әулие бұлагы

КЕРНЕЙ АУЫЛЫ



««Керней» ауылына қош келдіңіздер!» – дейді
Нұрғайша апа мен Лаура қарындас



Ғасырлар сүрлеуінде
сүсі сарқылмаған
«Керней бабаның әулие
бұлагы»

үшін жаным ашиды, оны білуге тырысамын, білгенімді елжүртқа ұғындыруға күшімді сарп етемін. Бұл сөздерді айтуда мен қорқпаймын. Себебі, Ақтамберді толғауындағы ұлы есімдер, дуалы ауыз би-шешендер, әруақты батыр бабалрым қолдайды. Сондықтан да айтқыштарға айтарым:


*Талаілар қақпақ болды ауызыма,
– Ие бол – деп, ей, Қаржас ауызыңа!
Жүрсөң сен Қарекесек тойын тоілан,
Сыя алмай кетерсің-ау, ауылыңа.*

*Жауап бердім оларға: – адаспа – деп,
Жүзге бөліп, Руга – санаспа – деп.
Керней батыр қалмақпен согысқанда,
Ениісі бөлінбеген қазақтар ек.*

*Жырлаган Ақтамберді, Бұқар жырау,
Кернейге тұгызбайық санада дау.
«Кернейдің әулие бұлагы» жерімізде,
Тазаланып, жетті бізге, дін аман сау.*



«Керней бабаның әулие бұлғалы» жөнінде бір үзік сыр...



«Сонау көсіліп жатқан «Көкбөрі Кернейтау», – дейді емші,
тұс жорушы Нұрғайша апа



Кернейтаудағы киіз үйде. Оң жақ шетте отырған
Жылқелді. 1987 жыл

Тарғыл қара-көк ат үстінде қарт жылқышы Жылкелді.

Атының тұяғы тиғен аймақтағы жер-су, шоқы-тау

атауларын жақсы білетін, үзенгілес серігін қария
сөзге қанықтыратын, қазакы жөп-жобаны бұлжыттай
орындайтын, қолында ташпиғы бар, аузында иманы
бар, ел-жұрты үшін адалынан туған азамат.



Сәби Бақшиұлы: «Мынау жатқан жазиралы дала, сонау
бағзы замандарда қазақ жасақтарының қалмақтарға ойран
салып, жонғарлардың жонын тіліп, мөгөлдардың миын
шашқан, адамдардың қаны бұлақ болып ақсан, талайды
көрген тарихи тоқірек. Дөңқол жоталары тізбегінен талай
тарихи құнды жәдігерлерді тауып алуға болады...»



Сәбми қарияның саусағындағы, жиені Арманиның 2004 жылы,
Алғабас ауылы төңірегіндегі сұыр іні маңынан тауып алған,
ру-тайпа белгісі тәрізді айшықталған алтын сақинасы

Қолданылған әдебиеттер

1. та *Материалы киргизскому землепользованию.*
- 4 Павлодарский уездъ. Томъ IV-й. Воронежъ. Типография В.И. Изяева, Большая Дворянская улица, д. дра Столль. 1903.
2. Ботакаринский узел. Караганда 2010. Попов Ю.Г.
3. Қоңе Қоктал, байыргы Баянаула байтагының тарихы. М.Алтысбес, Т.Аршабек, Е.Хасен, Е.Кейкі. Астана 2005.
4. «Ақтамберді толғауы» «ҚАЗАҚ» газетінде 2009 жылы жарияланған. Редакторы корректі жазушы Қозабай Сәрсекеев

МАЗМУНЫ

Кесем келбетті баһадүр - Көкбөрі Керней батыр.....	3
Табиғат тілі – тағылымды тіл.....	4
Керней бабаның көне бұйраты.....	5
Керней қыс қыстап, жаз жайлаған.....	6
Луыл ақсақалының айтқаны.....	8
Көкбөрі кернейдің ұраны.....	10
Керней бабаның әулие бұлағы.....	11
Көріпкелдердің Кернейтаудан «көргендері».....	13
Қорғанга бет бұрганда жауған жылы жаңбыр.....	14
Есімханның ескі жолы.....	15
Көкбөрі керней.....	16
Жанжұнды жер жастандырды.....	17
Көкбөрі керней-әскери қолбасшы!.....	18
1643-1644 жылдардағы қанды майдан.....	19
Ерлік ізі еш уақытта да өшпейді!.....	21
Ұпактарға аманат: «Түбі бір туыс, әрқашанда түгел бол!».....	22
Түйін.....	23

Сабактың негізгі мақсатынан тура
жүздеу – оның миссиясы
және оның дамытушылығы – 551-ші
жылдан берінен көрініштесінде дүйнөнен

жарылған жағдайларда Астанада Мұхамед
шының 1551-ші жылдан берінен

Басуға 11.07.2011 ж. қол қойылды. Қалпы
84x108 1/16. Қағазы офсетке арналған №1. Қаріп
түрі “Times New Roman”. Оффсеттік басылыс.
Баспа табағы 2. Тарапымы 300 дана. Тапсырыс № 35

“Нұрлы Әлем шыңы” баспасының өз
баспаханасында басылды.
481333, Алматы облысы, Қарасай ауданы,
Алмалыбақ ауылы, Ерлепесов көшесі 1 үй.

“НҰРЛЫ ӘЛЕМ ШЫҢЫ” баспасының телефоны:
Алматы 8 (727) 276 30 10



Мақсұтхан Термізіұлы АҚЫШОВ

Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Семізбұғы кентінде 1948 жылы дүниеге келген. Осы жердің мектебін 1967 жылы тәмәмдап, сол жылы Қарағанды педагогикалық институтына түсіп, аталған оқу орнын 1971 жылы бітіріп шыққан.

Тәуелсіздік алған жылдардан бері Керней мектебі аталған ұжымда 40 жыл бойы ұстаздық етуде. Аға мұғалім. Мәскеу, Астана, Алматы, Түркістан қалаларында тәжірбие алмасып қайтқан. Көне жәдігерлерді зердесіне тоқып, оларды білуге құштар. Өлкетанушылық оның сүйікті ісі. Бұкіл Одақтық Педагогикалық Ғылым Академиясының өткізген «Физика сабактары – 88» ғылыми - әдістемелік Фестивалына қатынасқан. Республикалық педагогикалық «Мастер-класс» журналының 2009 жылғы №8(44), №9(45), 2011 жылғы №1(61), №2(62), №4(64)... сандарында және басқа да түрлі деңгейдегі басылымдарда статьялары жарық көрген. «Жырлап өтем өлкемді өзім туған» атты халық ақыны Ахметбек Байсалбайұлы атында өткен жыр мүшәйраның Доскеі Әлімбайұлы атындағы жүлде иегері (17.05.2007). Журналист, сатирик ақын Матай Айнабеков атындағы қаламгерлер байқауына қатысып (19.11.2010.), поэзия жанырындағы ерекше қабілеті мен ой мазмұндылығы үшін I орынды иеленген. «Құс жолы» және «Бақыт құсы» кітаптарының авторы.

